

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 160 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1578 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 160 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 20, 254-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Сапалы мектеп біліміне қол жеткізуді қамтамасыз ету» деген 1.2-мақсатта:

«Мектептегі білім берудің сапалы қызметтерін ұсыну» деген 1.2.1-міндетте:

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштерінде:»:

«6. Мектептердің жалпы санынан электрондық оқыту жүйесін (e-learning) енгізген мемлекеттік мектептердің үлесі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «14,6» деген сандар «7» деген санмен ауыстырылсын;

«2020 жылға қарай әлемдік білім беру кеңістігіне біріктірілген техникалық және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесінің жұмыс істеуі» деген 1.3-мақсатта:

«Техникалық және кәсіптік білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету» деген 1.3.1-міндетте:

«2013 жыл» деген бағанда:

«Тікелей нәтижелердің көрсеткіштерінде:»:

«1. Типтік жастағы жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамтудың үлесі» деген жолдағы «16,8» деген сандар «16,0» деген сандармен ауыстырылсын;

«2. Пайдалануға енгізілген кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтардың саны, жыл сайын» деген жолдағы «1» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда»:

мына:

«

2. Кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтарды пайдалануға енгізу	-	x	x	x	-
----------------------------------------------------------------------------------------------	---	---	---	---	---

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2. Кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтарды пайдалануға енгізу	-	x	-	x	-
----------------------------------------------------------------------------------------------	---	---	---	---	---

»;

«Кадрларды даярлаудың сапасын және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген 1.3.2 - міндетте:

«Тікелей нәтижелердің көрсеткіштерінде:»:

«6. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (мемлекеттік) жалпы санынан электрондық оқыту жүйесін енгізгендердің үлесі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «16,2» деген сандар «10» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7.1-кіші бөлімде:

002 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:»:

«Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларды жоспарлы қабылдау» деген жолдағы «1 751» деген сандар «1743» деген сандармен ауыстырылсын ;

«тиімділік көрсеткіштерінде:»:

«1 білім алушыны даярлауға арналған болжамды орташа шығыс (стипендия мен жол жүруге арналған өтемақыны есептемегенде)» деген жолдағы «456,3» деген сандар «417» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «2 565 494» деген сандар «2 519 888» деген сандармен ауыстырылсын;

004 «Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:»:

«Технологияларды коммерцияландыру кеңсесі арқылы шетелге жіберілген патентке өтінімдердің шамамен алғандағы саны (Технологияларды коммерцияландыру кеңсесі)» деген жолдағы «1» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Технологияларды коммерцияландыру кеңсесінің көмегімен берілген лицензиялардың шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «1» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын ;

«Жүргізілген технологиялық аудиттердің шамамен алғандағы саны» деген жолдағы

«1» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын;
«түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Аға ғылыми қызметкерлер тобы мен кіші ғылыми қызметкерлер тобының бағдарламасы бойынша орталықтарды жеке қаржыландырудың болжамды үлесі» деген жолдағы «5» деген сан «2,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«Құрылған және жұмыс істеп жатқан аға ғылыми қызметкерлер мен кіші ғылыми қызметкерлер топтарының шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «20» деген сандар

«21» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қайта қаралған қағидалар, нормалар, ұсынымдар» деген жолдағы «3» деген сан «1» деген санмен ауыстырылсын;

«Технологияларды коммерцияландыруға берілген гранттардың шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «5» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «2 544 846» деген сандар «1 856 762» деген сандармен ауыстырылсын;

005 «Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау» деген бюджеттік бағдарламада :

«2013 жыл» деген бағанда :

«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Жоғары оқу орындары үшін жатақханалар салу» деген жолдағы «8» деген сан «5» деген санмен ауыстырылсын;

«Мұнай-газ, өңдеу, отын-энергетика және машина жасау салалары үшін техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық кәсіптік орталықтар салу» деген жолдағы «2» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын ;

«Түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Жатақханаға мұқтаж студенттердің жалпы санынан студенттерді жатақханадағы орындармен қамтамасыз ету» деген жолдағы «3,4» деген сандар «2,1» деген сандармен ауыстырылсын ;

«Мұнай-газ, өңдеу, отын-энергетика және машина жасау салалары үшін техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық кәсіптік орталықтарға қажеттілікті қамтамасыз ету» деген жолдағы «75» деген сандар «25» деген сандармен ауыстырылсын;

«Орта білім беретін республикалық объектілерді нормативке жеткізу» деген жолдағы «1» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «9 656 076» деген сандар «8 873 003» деген сандармен ауыстырылсын;

008 «Білім беру жүйесінің әдістемелік қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада :

«2013 жыл» деген бағанда :

«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша әзірленген, аударылған және басып шығарылған пәндік стандарттардың, эксперименталдық оқу бағдарламаларының, әдістемелік құралдардың, нормативтік құқықтық актілердің және 12 жылдық оқытуға көшуді әдіснамалық және әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі басқа да құжаттардың болжамды саны» деген жолдағы «487» деген сандар «483» деген сандармен ауыстырылсын;

«Білім деңгейлері бойынша салалық шеңбер мен кәсіби стандарттарды әзірлеу» деген жолдағы «80» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «3 083 757» деген сандар «2 819 374» деген сандармен ауыстырылсын;

009 «Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Назарбаев Зияткерлік мектептердегі, интернаттардағы, мектепалдындағы, балабақшалардағы, оқу-сауықтыру орталықтарындағы оқушылардың орташа жылдық болжамды саны» деген жолдағы «8 011,3» деген сандар «7 324,6» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жылына 1 оқушыны оқыту мен тәрбиелеудің болжамды орташа құны:» деген жолда:

«тиімділік көрсеткіштерінде»:

«мемлекеттік кәсіпорындарда» деген жолдағы «190,2» деген сандар «191,6» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «15 603 168» деген сандар «14 739 681» деген сандармен ауыстырылсын;

011 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру барлығы, оның ішінде:» деген жолдағы «252 102» деген сандар «252 017» деген сандармен ауыстырылсын;

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру есебінен қосымша орындарды енгізу» деген жолдағы «21 327» деген сандар «18 646» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «42 863 078» деген сандар «42 380 506» деген сандармен ауыстырылсын;

012 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, Алматы облысының

мыналарды салу кезіндегі 1 оқушы орнының шамамен алғандағы орташа құны:								
Балабақшалар	мың теңге	1 745,0	1 745,0	1 745,0	1 745,0	1 745,0	1 745,0	1 745,0
300 орындық мектептер	мың теңге	1 873,0	1 873,0	1 873,0	1 873,0	1 873,0	1 873,0	1 873,0
600 орындық мектептер	мың теңге	1570,0	1570,0	1570,0	1570,0	1570,0	1570,0	1570,0
900 орындық мектептер	мың теңге	1185	1185	1185	1185	1185	1185	1185
1200 орындық мектептер	мың теңге	1530,0	1530,0	1530,0	1530,0	1530,0	1530,0	1530,0
бюджет шығыстарының көлемі	мың теңге	53 682 651,8	42 309 138	49 843 048	68 122 115	54 595 171	50 511 155	46 572 146

»;

023 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» деген бюджеттік бағдарламада: «2013 жыл» деген бағанда: «тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Жаңа формацияның әртүрлі бейіні, 12 жылдық білімнің технологиялары бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өтуші, сондай-ақ шетелде тағылымдамадан және біліктілігін арттырудан өтуші тыңдаушылардың болжамды саны» деген жолдағы «73 054» деген сандар «71 554» деген сандармен ауыстырылсын;

«тиімділік көрсеткіштерінде»:

«Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өтуші 1 тыңдаушыны жылына оқытудың болжамды орташа құны» деген жолдағы «173 039» деген сандар «176 082» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджеттік шығыстардың көлемі» деген жолдағы «12 641 182» деген сандар «12 599 670» деген сандармен ауыстырылсын;

031 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада: «2013 жыл» деген бағанда: «тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету» деген жолдағы «1 378» деген сандар «1 386» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджеттік шығыстардың көлемі» деген жолдағы «3 251 097» деген сандар «2 926 530» деген сандармен ауыстырылсын;

040 «Жастар саясаты және азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу» деген бюджеттік бағдарламада: «бюджеттік шығыстардың көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «1

508 910» деген сандар «917 161» деген сандармен ауыстырылсын;
044 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағу үшін ай сайын ақша қаражатын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «4 249 349» деген сандар «4 135 960» деген сандармен ауыстырылсын;

045 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханаларын, зертханаларын жаңартуға және қайта жабдықтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «2 425 000» деген сандар «2 410 497» деген сандармен ауыстырылсын;

052 «Орта және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізу» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:
«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін (e-learning) енгізу» деген жолдағы «578» деген сандар «115» деген сандармен ауыстырылсын;

«түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Мектептердің жалпы санынан электрондық оқыту жүйесін (e-learning) енгізген мектептердің үлесі» деген жолдағы «14,6» деген сандар «7» деген санмен ауыстырылсын;

«Электрондық оқыту жүйесін енгізген техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (мемлекеттік) олардың жалпы санынан үлесі» деген жолдағы «16,2» деген сандар «10» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «15 347 930» деген сандар «4 799 323» деген сандармен ауыстырылсын;

053 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымшаақы мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:
«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымшаақы мөлшерін ұлғайту» деген жолдағы «255 295» деген сандар «247 945» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «10 934 758» деген сандар «10 548

984» деген сандармен ауыстырылсын;

054 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне қосымшаақы белгілеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:
«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлеріне өндірістік оқытуды ұйымдастырғаны үшін қосымшаақыны ұлғайту» деген жолдағы «6 393» деген сандар «6 150» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «1 485 346» деген сандар «1 373 658» деген сандармен ауыстырылсын;

060 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-на нысаналы салым» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:
«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Әзірленген жобалау-сметалық құжаттаманың шамамен алғандағы саны. Түзету» деген жолдағы «4» деген сан «3» деген санмен ауыстырылсын;

«Пайдалануға енгізіліп жатқан объектілердің шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «10» деген сандар «8» деген санмен ауыстырылсын;

«Оқу және басқа да жабдықпен және оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілген объектілердің шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «24» деген сандар «19» деген сандармен ауыстырылсын;

«Назарбаев зияткерлік мектептерінің білім алушылары үшін оқу-сауықтыру орталықтарының болжамды саны» деген жолдағы «2» деген сан «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Білім беру сапасын мониторингілеу және бағалау құралдары мен технологиялары енгізілген мектептердің болжамды саны» деген жолдағы «11» деген сандар «10» деген сандармен ауыстырылсын;

«түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Олимпиадаларға, мектептен тыс іс-шараларға қатысатын оқушылардың болжамды саны» деген жолдағы «32 349» деген сандар «7 269» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «41 985 846» деген сандар «39 455 449» деген сандармен ауыстырылсын;

062 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:
«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Біліктілікті арттыру курстарын аяқтағаннан кейін біліктілік емтиханынан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеру: 1-деңгей - 100 %-ға, 2-деңгей - 70 %-ға, 3-деңгей - 30 %» деген жолдағы «12 289» деген сандар «12 003» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «2 685 026» деген сандар «2 361 371» деген сандармен ауыстырылсын;

064 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және «Назарбаев университеті» ДББҰ қызметін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» деген бюджеттік бағдарламаларда: «2013 жыл» деген бағанда: «тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға қабылданған тыңдаушылардың жоспарлы саны» деген жолдағы «500» деген сандар «537» деген сандармен ауыстырылсын;

«Мемлекеттік тапсырыс негізінде бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуға қабылданған студенттердің жоспарлы саны» деген жолдағы «500» деген сандар «539» деген сандармен ауыстырылсын;

«Мемлекеттік тапсырыс негізінде магистратура бағдарламалары бойынша студенттердің жоспарлы саны» деген жолдағы «140» деген сандар «97» деген сандармен ауыстырылсын; «тиімділік көрсеткіштерінде»:

«Бір білім алушыға арналған орташа ағымдағы шығыстар» деген жолда: «тыңдаушы» деген жолдағы «4355,1» деген сандар «4254» деген сандармен ауыстырылсын;

«студент» деген жолдағы «5858,9» деген сандар «5100» деген сандармен ауыстырылсын;

«магистрант» деген жолдағы «6319,1» деген сандар «7500» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджеттік шығыстардың көлемі» деген жолдағы «9 323 443» деген сандар «8 197 082» деген сандармен ауыстырылсын;

074 «Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту» деген бюджеттік бағдарламада: «2013 жыл» деген бағанда: «тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «147» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Техникалық және кәсіптік білімнің арнайы пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «940» деген сандар «0» деген санмен ауыстырылсын;

«Оқу және модульдік бағдарламаларды әзірлеу бойынша курстардан өткен педагогтердің шамамен алғандағы саны» деген жолдағы «350» деген сандар «0» деген

с а н м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Жоба шеңберінде қолдау тапқан басым салалардағы мамандықтардың жалпы санынан жаңа үлгілік оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен қамтылған мамандықтардың жоспарлы үлесі» деген жолдағы «100» деген сандар «0» деген санмен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Мамандықтардың жалпы санынан кәсіптік стандарттармен қамтылған мамандықтардың жоспарлы үлесі» деген жолдағы «65» деген сандар «45» деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «2 429 628» деген сандар «1 234 053» деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

075 «Астана қаласының бюджетіне Ломоносов атындағы ММУ филиалына арналған Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жатақханасының және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің құрылысына жер учаскелерін алып қою үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «413 286» деген сандар «282 649» деген сандармен ауыстырылсын;

080 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік б а ғ д а р л а м а д а :

«2013 жыл» деген бағанда:
«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Стипендиаттардың жылдық орташа контингенті» деген жолдағы «48 137» деген сандар «43 321» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жеңілдікпен жол жүрумен қамтамасыз етілген білім алушылардың орташа саны» деген жолдағы «103 632» деген сандар «88 962» деген сандармен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «7 336 460» деген сандар «6 168 309» деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

083 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларына (мұғалімдеріне) жалақыларындағы айырманы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген б ю д ж е т т і к б а ғ д а р л а м а д а :

«2013 жыл» деген бағанда:
«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларына (мұғалімдеріне) жалақыларындағы айырманы төлеу» деген жолдағы «7 575,1» деген сандар «7 203,3» деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «919 939» деген сандар «756 893»

деген сандармен ауыстырылсын;

084 «Астана қаласының бюджетіне білім беру объектілерін салуға жер учаскелерін алып қою үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «672 666» деген сандар «455 714» деген сандармен ауыстырылсын;

088 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан енгізілетін білім беру ұйымдарын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«тікелей нәтиже көрсеткіштерінде»:

«Ақмола облысының жаңадан енгізілетін білім беру ұйымдарын ұстау» деген жолдағы «6» деген сан «5» деген санмен ауыстырылсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «452 335» деген сандар «390 862» деген сандармен ауыстырылсын;

104 «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «2 576» деген сандар «1 763» деген сандармен ауыстырылсын.

«Бюджеттік шығыстардың жиынтығы» деген 7.2-кіші бөлімде:

«2013 жыл» деген бағанда:

«Бюджет шығыстарының БАРЛЫҒЫ» деген жолдағы «417 841 214,0» деген сандар «395 665 160,0» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдағы «348 089 227,0» деген сандар «327 384 330,0» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік даму бағдарламалары» деген жолдағы «69 751 987,0» деген сандар «68 280 830,0» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*